

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату қағидаларын және оның тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 77 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 19 маусымда тіркелді. Тіркеу N 4257.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату қағидалары және оның тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын еріксіз тарату туралы ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы № 420 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1769 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде № 1769 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшілігінің, арнайы басқарушысының қызметі және еріксіз тарату туралы ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы № 420 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 19 қаңтардағы № 8 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2710 тіркелген, 2005 жылғы 16 қыркүйекте № 170-171 "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (Мұқашева А.М.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларына жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н.Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі

Төраға

15.05.2006

(қолы, күні, елтаңбалы мөрі)

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Ақпарат және мұрағаттар комитеті

Төраға

23.05.2006

(қолы, күні, елтаңбалы мөрі)

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
№ 77 қаулысымен бекітілген

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату қағидалары және оның тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Кіріспе алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату қағидалары және оның тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Сақтандыру қызметі туралы" (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), "Акционерлік қоғамдар туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларды қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ең төмен баға – бұдан төмен болғанда лот сатылмайтын баға;

2) бастапқы баға әрбір лот бойынша сауда-саттық басталатын, бағалаушы "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бағалау қызметі туралы заң) сәйкес айқындаған лоттың (мүліктің) құнынан төмен емес болып белгіленетін баға;

3) болжанбаған шығыстар – тарату комиссиясы жоспарламаған, мөлшері 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, шұғыл қажеттіліктерге арналған шығындар ;

4) кредиторлар комитеті - кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары қатарынан құрылатын орган;

5) кредиторлар санаты - талаптары біртектес сипатта болатын және Сақтандыру қызметі туралы заңның 72-бабында көзделген белгілі бір кезек шегінде қанағаттандырылатын кредиторлар тобы;

6) кредиторлар талаптарының тізілімі - Сақтандыру қызметі туралы заңның 70-бабының 2-тармағына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу , бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) бекіткен, кредиторлардың тарату комиссиялары растаған талаптарын, сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі - Қор) таратылатын жағдайда жүзеге асырылған кепілдікті төлемдер, Сақтандыру қызметі туралы заңның 54-1-бабында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 262 қаулысымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17885 болып тіркелген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін беру қағидаларында, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын

лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерінде және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру портфелін беру қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерінде көзделген тәртіп пен жағдайларда басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына берілетін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін төлеуге байланысты шығыстар бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның талаптары көрсетілетін құжат;

7) құндылықтар - Қазақстан Республикасының валюталық құндылықтары, банкноттары мен монеталары, бағалы қағаздар және қатаң есепті бланктер, қымбат металлдар, олардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ айналыстан шыққан, қымбат металлдардан жасалған монеталар және бағалы заттар;

8) лот - аукционға шығарылатын, сату үшін бөлінбейтін бірліктерге бөлінген мүлік;

9) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшалары;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторы – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелерден туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

11) өткізу бағасы – лоттың сауда-саттық нәтижесінде белгіленген соңғы бағасы, ал мүлік сауда-саттықты өткізусіз өткізілген жағдайда – мүліктің кредиторлар комитеті не Қағидаларға сәйкес тарату комиссиясының төрағасы белгілеген соңғы бағасы;

12) өткізу объектісі – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сауда-саттыққа жеке (дербес) бірлік ретінде шығарылатын мүлкі немесе бірнеше бірліктен бір лотқа шоғырландырылған өзге мүлкі;

13) сатушы - таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы;

14) сатып алушы - сатушымен сатып алу-сату шартын жасаған сауда-саттық жеңімпазы;

15) сауда-саттық жеңімпазы – сауда-саттықта лот үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушы;

16) сауда-саттыққа қатысушы – сауда-саттықты ұйымдастырушы белгілеген тәртіппен сауда-саттыққа қатысу туралы өтініш берген және сауда-саттықты ұйымдастырушы оны қатысушы ретінде тіркеген жеке немесе заңды тұлға;

17) сауда-саттықты ұйымдастырушы – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы немесе тарату комиссиясымен сауда-саттықты өткізу

бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасаған және сауда-саттықтың нәтижелеріне мүдделі емес жеке не заңды тұлға;

18) сауда-саттықтың ағылшын әдісі – лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадам бойынша лот үшін барынша жоғары баға ұсынған қатысушылардың бірі қалған сәтке дейін көтеріле беретін сауда-саттық әдісі;

19) сауда-саттықтың голланд әдісі – лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадам бойынша қатысушылардың бірі лотты жарияланған бағамен сатып алуға келіскен сәтке дейін төмендетіле беретін сауда-саттық әдісі;

20) тарату комиссиясы - сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті орган тағайындайтын (босататын), тарату рәсімдерін жүргізу барысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында тарату комиссиясы төрағасының тікелей басшылығымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын орган;

21) тарату комиссиясының шығыстары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәжбүрлеп таратылу процесіндегі тауарлардың, жұмыстың және қызметтің тұтынылуына байланысты шығындар (бұдан әрі – тарату шығыстары);

22) тарату, конкурстық масса – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтауға және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз етуге арналған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері;

23) тарату массасын мақсатсыз жұмсау – уәкілетті органмен келісілген немесе кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасында көзделмеген шығындарды жүзеге асыру;

24) тарату шығыстарының бекітілген сметасы – тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органмен немесе кредиторлар комитетімен келісе отырып бекіткен, тиісті уақыт кезеңіне арналған смета;

25) тарату шығыстарының сметасы – тарату комиссиясының белгілі бір уақыт кезеңіне болжанған шығындарын көрсететін, кредиторлар комитеті (кредиторлар комитеті болмаған кезде – уәкілетті органмен келісу бойынша тарату комиссиясының төрағасы) бекітетін құжат;

26) тарату өндірісі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға ретіндегі қызметін тоқтату рәсімі;

27) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы – заңды күшіне енген сот шешіміне байланысты мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

28) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі – құндық бағасы бар және тарату, конкурстық массаға енгізілген мүліктік қажеттілік пен құқықтар жиынтығы;

29) уақытша әкімшілік (уақытша әкімші) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын лицензиядан айыру күнінен бастап уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңге уәкілетті орган тағайындайтын орган;

30) бас офис – тарату комиссиясының төрағасы ұйымдастыру-басқару және Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын офис.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банкрот деп танылған жағдайда оны тарату Қағидаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп таратуды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне ену күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату өндірісінің басы болып саналады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешімі күшіне енген күнінен бастап:

1) Сақтандыру қызметі туралы заңның 69-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген салдарлар туындайды;

2) Сақтандыру қызметі туралы заңның 69-бабының 3-1 және 3-3-тармақтарында көзделген іс-шаралар жүзеге асырылады;

3) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан немесе соның есебінен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің егер оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы не тарату комиссиясының

төрағасы осы іс-әрекеттерді жасауға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхатты берген тұлға жасаған жағдайда ғана заң күші болады;

4) Сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімдері аяқталған болып саналады;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлық берешегінің барлық түрлері бойынша айыпақы және сыйақыны есептеу тоқтатылады;

6) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін өндіріп алуға заңнамамен белгіленген барлық шектеулер алып тасталады;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты сотта қаралатын мүліктік сипаттағы талаптармен даулар, егер олар бойынша қабылданған шешімдер заңды күшіне енбеген болса, тоқтатылады;

8) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүліктік талаптарына қатысты соттың атқарушы құжаттарын тарату комиссиясы Сақтандыру қызметі туралы заңда белгіленген кезектілік тәртіпте орындауға береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-2. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп таратуға байланысты барлық шығыстар осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз қаражаты есебінен ғана жасалады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және тарату комиссиясының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) құрамына кірген уәкілетті орган қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге байланысты шығыстарды, сондай-ақ орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім туралы ақпаратты жариялау жөніндегі

шығыстарды және әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату негіздемесі бойынша және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі болмаған жағдайда не оның құны осы шығыстарды жабуға жеткіліксіз болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған соң құжаттарды мұрағатқа сақтауға тапсыру жөніндегі қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуге байланысты шығыстарды қоспағанда уәкілетті органның мәжбүрлеп тарату негіздемесі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтату жөніндегі шығыстарды қаржыландыруына тыйым салынады.

7-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Тарату комиссиясы

8. Тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап оған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

Тарату комиссиясы бір айдан аспайтын мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) басшылығынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкін қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияларының түпнұсқалары "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде уәкілетті органға қайтарылуға тиіс.

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау үшін, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары және акционерлерімен есеп айырысуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан іс-әрекет жасайды және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дербес әрекет етеді.

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату рәсімін тарату комиссиясының төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Бөлімшелердің басшылары жұмыс жоспарын тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тарату комиссиясының төрағасына жібереді

Тарату комиссиясының төрағасы жиынтық жұмыс жоспарын жарты жылдықтарға бөле отырып, бір жылға жасайды (бөлімшелердің басшылары ұсынған жұмыс жоспарларын ескере отырып) және тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді.

Тарату комиссиясы жыл сайынғы жұмыс жоспарларын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей уәкілетті органға жібереді.

Тарату комиссиясы есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей әрбір жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құрамына уәкілетті органға ұсынылған өтініш негізінде Қордың өкілі кіре алады.

11. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысына басшылық жасайды және оның қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылуына дербес жауап береді. (K990409, K970167, K010155)

Тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның тарату комиссиясы мүшелерінің қатарынан тағайындайтын орынбасары орындайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11-1. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының тиімді жұмыс істеуі, сондай-ақ құқықтар мен міндеттерді белгілеу мақсатында ол тағайындалған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде тарату комиссиясы төрағасының, тарату комиссиясы төрағасының орынбасары мен тарату комиссиясы мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрық шығарады.

Ескерту. Ереже 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары не өкілдіктері болған жағдайда, оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының сол жерде құрылған бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады.

13. Бөлімшені уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясы

мүшелерінің арасынан тағайындайтын басшысы (бұдан әрі – бөлімшенің басшысы) басқарады.

Бөлімше басшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген және оған тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхат негізінде жүзеге асырады.

Бөлімше басшысы және тұтас алғанда бөлімше тарату комиссиясының төрағасына есеп береді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне және филиалын не өкілдігін таратуды жүзеге асыруға жауап береді.

15. Кредиторлар комитетінің және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің арасында келісімді жасауға (бұзуға) тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін тағайындау (босату) туралы уәкілетті органның шешімі негіз болып табылады. Уәкілетті орган тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшесін босату туралы шешімді қабылдаған күннен бастап келісім бұзылған болып саналады.

Кредиторлар комитетімен жасалатын келісімде тарату комиссиясының төрағасы мен мүшесінің құқықтары және міндеттері, жұмыс тәртібі, сыйақыны төлеу мөлшері мен мерзімдері және тарату комиссиясы төрағасының немесе мүшесінің функцияларын орындауға байланысты өзге де ережелер көзделеді.

Кредиторлар комитетімен жасалатын келісімге кредиторлар комитетінің атынан кредиторлар комитетінің төрағасы немесе кредиторлар комитеті осыған уәкілеттік берген адам қол қояды.

Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін және келісім жасалғанға дейін тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелері өз өкілеттіктерін Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-1. Тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) мүшесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында тарату рәсімдерін жүргізу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған, жүктелген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған, кредиторлардың мүдделеріне қысым көрсететін не басқа кредиторларға артықшылық беретін іс-әрекет (әрекетсіздік) жасаған жағдайда,

кредиторлар комитеті және (немесе) тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органға комиссияның төрағасын және (немесе) мүшесін атқарып отырған қызметтерінен босату туралы өтінішхатпен өтініш жасау жөнінде шешім қабылдайды.

Ескерту. Ереже 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-2. Тартылған қызметкердің немесе тартылған тұлғаның құқықтары мен міндеттері еңбек шартында немесе өтеулі қызмет көрсету шартында, сондай-ақ тарату комиссиясының төрағасы бекітетін әр қызметкердің лауазымдық нұсқаулығында айқындалады.

Тарату комиссиясының жұмысына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары және олармен үлестес тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрынғы басшы қызметкерлері тартылмайды.

Ескерту. Ереже 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Тарату комиссиясының төрағасы оның қызметін жедел басқаруды жүзеге асырады, бөлімшелердің және олардың басшыларының қызметін бақылайды.

Тарату комиссиясының төрағасы кредитордың өтінішін қарау нәтижелері туралы шешімдерді және Қағидалардың 107 және 107-1-тармақтарына сәйкес таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетінің өкілеттігіне кіретін мәселелерді қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату өндірісінің міндеттері бойынша шешімдерді дербес қабылдайды, сондай-ақ шарттарға, сенімхаттарға, бұйрықтарға, өкімдерге және тарату өндірісі барысында туындайтын мәселелерді шешуге байланысты басқа да құжаттарға қол қояды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Тарату комиссиясының төрағасы, бөлімшелерінің басшылары мен мүшелері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату барысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына зиян келтіру, өкілеттікті теріс пайдалану, сондай-ақ басқа да жол берілген жөнсіздіктері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауап береді.

Таратылатын заңды тұлғаның (оның басқару органдарының, басшы қызметкерлерінің) тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасын теріс мақсатта пайдалану немесе басқа да тәртіп бұзу фактілері анықталған жағдайда тарату комиссиясы белгіленген тәртіппен бұл жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлауы, сондай-ақ уәкілетті органға мәлімдеуі тиіс.

18. Тағайындалған күнінен бастап тарату комиссиясы мынадай іс-шаралар жүргізеді :

1) тағайындалған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтініштер беру тәртібін, мерзімдерін және филиал желісі болған кезде – олар (мекенжайлар) бойынша кредиторлар өз талаптарын қоятын филиалдың мекенжайларын міндетті түрде көрсетумен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды;

2) тағайындалған күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік шоттары бар екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қол қою үлгілері бар құжаттарды ұсынады;

3) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мүлікті және онымен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын органдарды, сондай-ақ "Қазақстанның қор биржасы", "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" (бұдан әрі - орталық депозитарий) акционерлік қоғамдарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы хабардар етеді және тарату комиссиясы жасамайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін иеліктен шығару бойынша мәмілені тіркеуге тыйым салу, сондай-ақ таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кепіл ұстаушы болып табылатын мүлкінен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілейді;

4) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын (бұдан әрі – Корпорация) және мемлекеттік кірістер органдарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп таратылғаны туралы хабардар етеді;

5) орталық депозитарийден сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнгі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін сұратады;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығын және (немесе) уақытша әкімшілігін тарату комиссиясына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында тарату өндірісін жүргізу міндеттерін жүктеуді растайтын құжатпен қол қойғыза отырып таныстырады;

7) қабылдау-өткізу туралы актілерді жасай отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығынан не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша

әкімшілігінен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мөртабандарын, мөрлерін, электрондық ақпарат тасымалдағыштарын, бағдарламалық қамтылымды, бланкілер және барлық басқа да құжаттарды дереу талап етеді;

8) қабылдау-өткізу актілері бойынша активтерді, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін қабылдайды;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кассасына дереу түгендеу жүргізеді, Қағидалардың 53-тармағында көзделген кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимитін қоспағанда, ақша қалдығын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттарына есепке жазады;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттарын салыстырып тексеру жүргізеді, оларды жабады және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгемен және қажет болған жағдайда шетел валютасында ағымдағы шоттарын ашады;

11) тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) сәйкес номиналды ұстауға берілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздарын, сондай-ақ номиналды ұстаушының клиенттік шоттарындағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына тиесілі ақшаны салыстырып тексеру жүргізеді.

Тарату комиссиясы тарату өндірісі кезеңінде бағалы қағаздарды (ақшаны) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бір ұйымда жинақтайды және (немесе) ақшаны таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына есепке жазады;

12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім туралы хабарландыруды және тарату комиссиясының орналасқан жері мен байланыс деректері туралы мәліметтерді көрсете отырып, тарату комиссиясын уәкілетті органның тағайындауы туралы бұйрықты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының көру үшін қоложетімді болатын кеңсесінде, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының интернет-ресурсында 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырады;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері мен міндеттемелерін түгендеуді жүзеге асырады;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы, ал қажет болған кезде өзге де қызметкерлерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан шығарады;

15) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін анықтайды;

16) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтеріне Қағидаларда көзделген тәртіпте иелік етеді;

17) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан талап қояды және сотта сөз сөйлейді;

18) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағдарламалық қамтылымының және электрондық ақпарат тасымалдағыштарының, сондай-ақ басқа ақпаратының сақталуын қамтамасыз етеді;

19) толық материалдық жауапты адамдардың, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық және өзге де есептілігін өңдеудің электрондық жүйесіне кіруге рұқсаты бар адамдар тобын айқындайды;

20) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істері мен құжаттарын заңнамада белгіленген тәртіпте қабылдағаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауды ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындайды;

21) автоматтандырылған есепке алу жүйесінің деректерін жеке электрондық тасымалдағышқа (резервтік көшірмелер) көшіре отырып, тарату комиссиясы құрылған күні қолда бар электрондық түрдегі бас бухгалтерлік кітапты басып шығарады. Бұл ақпарат электрондық түрде болмаған жағдайда қағаз тасымалдағыштағы ақпарат негізге алынады;

22) кредиторлардың тізімін жасайды, қолда бар құжаттар бойынша олардың мекенжайларын анықтайды және талдамалық есептің деректерімен салыстырып тексереді;

23) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары талаптарының заңдылығын айқындайды және оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бекітілген аралық тарату балансына және кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес қанағаттандырады;

24) өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін еңбек шарттары, сондай-ақ өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша адамдарды жұмысқа қабылдайды;

25) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратудың барлық кезеңі ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі мен құжаттарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

26) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату ісінің барысы туралы жылдың қорытындысы бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде жариялайды;

27) уәкілетті органның талабы бойынша тарату өндірісіне қатысты мәліметтер береді;

28) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздары шығарылымдарының күшін жою мақсатында уәкілетті органға акциялар және (немесе) облигациялар шығарылымдарының күшін жою үшін құжаттарды ұсынады;

29) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есепті, тарату балансын жасайды және оларды уәкілетті органға келісуге жібереді;

30) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталғаннан кейін Қағидалардың 10-тарауында белгіленген тәртіпте құжаттарды архивке сақтауға береді және бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2023 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоттары тарату комиссиясының және оның бөлімшелерінің тұрған жері бойынша екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалдарында теңгемен және қажет болған кезде шетел валютасында ашылады.

Қағидалардың 53-тармағында көзделген касса лимитін қоспағанда, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, оның ішінде оның филиалдарының не өкілдіктерінің ақшасы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына есепке жазылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы екінші деңгейдегі банктердің ағымдағы шоттарындағы ақшаны және (немесе) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес номиналды ұстауға берілген ақшаны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ-мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелерін (МЕҰЖҚАМ) қоспағанда, нысанасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында болатын, қор биржасының сауда жүйесінде автоматты түрде жасалатын кері репо операцияларында күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде пайдаланады.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдында берешегі жоқ заңды немесе жеке тұлғалардың жазбаша талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттарына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясынан айырылғаннан кейін келіп түскен, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін келіп түсетін ақшаны дереу (талапты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде) қайтаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Уәкілетті орган белгілеген мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы орындалған жұмыс туралы есептерді, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты да ұсынады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктеріндегі өз қызметін жүзеге асыратын бөлімшелер орындалған жұмыс туралы есепті тарату комиссиясының төрағасына ұсынады.

4-тарау. Тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту

21. Тарату өндірісіне байланысты, оның ішінде тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету бойынша шығыстар таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражатынан кезектен тыс және тұрақты төленеді.

Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін тарату шығыстарының сметасын тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Тарату өндірісінің шығыстары олардың туындауына қарай тарату массасынан төленеді.

Тарату массасын мақсатсыз жұмсауға, сондай-ақ 3 (үш) айдан артық мерзімге тарату шығыстарына қаражат резервтеуге тыйым салынады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлерге төленетін ай сайынғы сыйақы мөлшері олардың әрқайсысына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген он еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығыстарын тәртіпке келтіру мақсатында тарату комиссиясы өз қызмет кезеңінде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тарату комиссиясының тарату шығыстарының сметасы жасалады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Тарату комиссиясы, уәкілетті орган және кредиторлар комитеті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату шығыстары сметасын қалыптастыру, келісу және бекіту кезінде тарату шығыстарының нақтылық, негізділік, орындылық, шыншылдық принциптерін басшылыққа алып жұмыс істейді.

Тарату шығыстарының нақтылық принципі тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру кезінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты қаржылық жағдайын, оның ішінде кредиторлар алдындағы берешектер көлемін негізге алуды болжалдайды.

Тарату шығыстарының негізділік принципін тарату өндірісінің белгілі бір кезеңінде болжалданып отырған шығындардың объективті қажеттігі деп түсіну қажет.

Орындылық принципі тарату комиссиясы жасап отырған шығындар алға қойылған мақсатқа сәйкес келетіндігін білдіреді, яғни тарату өндірісін аяқтауға және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен есеп айырысуға бағытталған.

Тарату шығыстарының шыншылдық принципі жасалған (жоспарланатын) шығындарды тарату комиссиясының құжаттамалық растауы арқылы көрінеді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру кезінде есептеулерді таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қандай да бір кәсіби қызметпен айналысатын-айналыспайтынына қарай жүргізеді және тарату комиссиясының негізгі міндеті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерінің аяқталуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысу жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Тарату шығыстары сметасында мынадай шығын баптары көзделеді:

- 1) еңбекке ақы төлеу шығыстары;
- 2) бюджетке аударымдар бойынша шығыстар;
- 3) әкімшілік шығыстар;
- 4) тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алу бойынша шығыстар;
- 5) іссапар шығыстары;
- 6) көзделмеген шығыстар;
- 7) өзге шығыстар.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-1. Тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасына әрбір бап бөлігінде шығыстар сметасын қалыптастыру кезінде осы Ереженің 24-тармағында көзделген принциптердің сақталуын көрсететін түсіндірме жазбаны қоса береді.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Еңбекке ақы төлеу шығыстары мынадай шығындарды көздейді: тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне сыйақы төлеу, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін есепке ала отырып, еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің жұмысына ақы төлеу.

Еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарда:

лауазымдық еңбекақы;

мемлекеттік бюджетке аударылатын жеке табыс салығының;

міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27-1. Өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу шығыстарына өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тартылған қызметкерлердің қызметтеріне ақы төлеу шығындары кіреді.

Тарату шығыстарының сметасына өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу кіргізілген жағдайда тарату комиссиялары есептеулерді қызметтер күн сайынғы негізде көрсетілетін және ақы төлеу ай сайын жүзеге асырылатын, жасалған өтем төленетін қызмет көрсету шарттарының негізінде жүргізеді.

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Қызметкерлердің еңбегіне, сондай-ақ орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге арналған шығыстар бабы тарату комиссиясының төрағасы бекітетін штаттық кестеге сәйкес қалыптастырылады.

Штаттық кестеге тарату комиссиясының төрағасы, мүшелері, еңбек шарттары және қызмет көрсету шарттары бойынша жұмыс істейтін адамдар енгізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29-1. Қызметін және функциялардың орындалуын қамтамасыз ету үшін тарату комиссиясы үстем немесе монополиялық жағдайдағы нарық субъектісін қоспағанда, қызметтерді жеткізушіні таңдайды.

Қызметтерді жеткізушіні таңдау қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі, өңірлерде филиалдардың, мамандардың болуы ескеріле отырып баға ұсыныстарын сұрату жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының салықтық заңнамаларының талаптарына сәйкес жасалады.

31. Әкімшілік шығыстар:

1) қызметтік және шаруашылық мұқтаждықтар үшін көлік жалдау жөніндегі қызметке;

2) байланыс қызметіне (телекоммуникациялық шығыстар, телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, почта мен анықтамалық қызметтердің қызмет көрсетуі бойынша шығыстар, интернет желісін пайдалану үшін шығыстар);

3) үйлер мен ғимараттарды (меншікті және кепіл мүлкін) күзету және сигнализация жөніндегі қызметке;

4) көлікті күзету жөніндегі қызметке;

5) көлікке арналған тұрақты ұсыну жөніндегі қызметке;

6) көлікті тіркеу жөніндегі қызметке;

7) көлікті техникалық тексеру жөніндегі қызметке;

8) көлікті сақтандыру жөніндегі қызметке;

9) қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

10) коммуналдық қызметке;

11) мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеу, техникалық, сервистік қызмет көрсету (байқау) жөніндегі жұмыстарға;

12) үй-жайды жалдауға;

13) жылжымайтын мүлік пен тиісті құжаттаманы тіркеуші органдарда тіркеу жөніндегі қызметке;

- 14) мүлікті бағалау жөніндегі қызметке;
 - 15) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі қызметке;
 - 16) жылыту жүйесін іске қосуға дайындау жөніндегі қызметке;
 - 17) сантехникалық жұмыстарға;
 - 18) мүлікті сақтау жөніндегі қызметке;
 - 19) мемлекеттік бажды төлеуге;
 - 20) нотариалды куәландыру жөніндегі қызметке;
 - 21) мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру жөніндегі қызметке;
 - 22) терезелерге, есіктерге темір торларды дайындау және орнату жөніндегі жұмыстарға;
 - 23) аукциондар өткізу жөніндегі қызметке;
 - 24) инкассация қызметіне;
 - 25) сараптама жүргізу жөніндегі қызметке;
 - 26) аудит жүргізу жөніндегі қызметке;
 - 27) құжаттарды аудару қызметіне;
 - 28) телефон нөмірлерін орнатуға, ауыстыруға немесе басқа жерге орнатуға;
 - 29) акционерлердің тізілімін өзекті күйде ұстау үшін орталық депозитарийдің қызметіне;
 - 30) банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақша аударымы мен төлемдері жөніндегі қызметке;
 - 31) құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу және оларды мұрағатқа тапсыру жөніндегі қызметке;
 - 32) таратуды тіркегені үшін алым төлеуге;
 - 33) коллекторлық қызметке арналған шығындарды қамтиды.
- Жұмысқа және қызмет көрсетуге ақы төлеу тұрақты және біржолғы сипатта болады.
- Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**
32. Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған және мыналар үшін қажетті жол берілген барынша төмен қор құру үшін тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу жөніндегі шығыстар:
- 1) жұмыс жағдайындағы офистік жабдықтарды ұстау;
 - 2) көлік құралдарын ұстау;
 - 3) үй-жайды ұстау;
 - 4) қағаз және бланктік өнімдерді сатып алу;
 - 5) кеңсе тауарларын сатып алу;
 - 6) жанар-жағар май материалдарын сатып алу.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.10.24. № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

33. Тарату комиссиясы сатып алу үшін әртүрлі қызмет пен тауар-материалдық құндылықтарды шығыстар сметасына енгізу кезінде есеп айырысу осы өңірде белгіленген тарифтік сеткалар мен орта рыноктық бағалар негізінде жасалады.

34. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің іссапарға шығуы жөніндегі шығыстар тарату шығыстарының сметасында көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34-1. Өзге шығыстар өзге шығындарды қамтиды.

"Көзделмеген шығыстар", "Өзге шығыстар" шығындар баптары бойынша шығыстардың басқа бабы бойынша артық шығынға байланысты шығыстар, сондай-ақ келісілуі не бекітілуі Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мұқтаждықтарға арналған шығыстар жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 34-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Жоспарланып отырған және жасалған шығыстарды тарату комиссиясы уәкілетті органға шарттар, шот-фактуралар, чектер және өзге растаушы құжаттарды беру жолымен растайды.

36. Тарату комиссиясы оны уәкілетті орган тағайындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде тарату шығыстары сметасын қалыптастырады және оны келісу үшін уәкілетті органға береді.

Филиалдық желісі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясы бөлімшелерінің тарату шығыстары сметасын жасау жөніндегі қызметін үйлестіреді және тарату комиссиясының бөлімшелері бойынша шығыстар бөлігінде тарату шығыстарының жинақталған сметасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

37. Жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың онына дейінгі мерзімнен кешіктірмей тарату комиссиясы келісу үшін тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органға береді.

38. Тарату комиссиясының төрағасы тарату шығыстарының сметасына өзгерістер мен толықтыруларды тек уәкілетті органмен келісе отырып енгізеді.

39. Кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген соң тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасын тоқсан сайын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың бесінен кешіктірмей кредиторлар комитетіне бекітуге береді.

Тарату шығыстарының сметасы тоқсан аясындағы әрбір ай бөлігі бойынша жасалады.

40. Кредиторлар комитеті тарату комиссиясы ұсынған тарату шығыстарының сметасын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың он бесінен кешіктірмейтін мерзімде қарайды және бекітеді.

41. Кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасын тарату комиссиясы кредиторлар комитеті бекіткен күннің ертеңіне уәкілетті органға ұсынады.

42. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты қаржылық жай-күйіне қарай және тарату комиссиясы орындаған жұмысты ескере отырып, тарату комиссиясының төрағасы бекітілген тарату шығыстарының сметасына міндетті тәртіппен кредиторлар комитеті алдын-ала бекітетін өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42-1. Уәкілетті органмен келісілген немесе кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстары алдыңғы кезеңде жүзеге асырылмаған және оларды жоспарланған кезеңде жүзеге асыру қажет болған жағдайда, көрсетілген шығыстар жоспарланатын кезеңдегі тарату шығыстарының сметасына кіргізілуі тиіс.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

43. Тарату шығыстарының сметасын келіскен немесе бекіткен орган оның орындалуына бақылау жасайды.

44. Басқа бір бап бойынша үнем жасай отырып, екінші бір шығын бабы бойынша артық шығындар жасалуына жол берілмейді.

45. Осы Ереженің 45-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тарату комиссиясының тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органмен келіскенге дейін немесе кредиторлар комитеті бекіткенге дейін шығыстар жасауына жол берілмейді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

45-1. Тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органмен келісуге дейін тарату комиссиясының бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізуіне байланысты оның мынадай шығындар баптары бойынша шығыстарды жүзеге асыруына рұқсат етіледі:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы хабарландыруды жариялау жөніндегі қызмет;

2) байланыс қызметі (телекоммуникациялық шығыстар, телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, почта мен анықтамалық қызметтердің қызмет көрсетуі бойынша шығыстар);

3) коммуналдық қызмет;

4) бірінші және екінші қол қою (қолтаңбалар) үлгілері бар құжаттарды және мөр бедерін нотариалды куәландыру жөніндегі қызмет;

5) үй-жайды жалдау жөніндегі қызмет.

Ескерту. 45-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

45-2. Мыналардың:

1) тарату комиссиясының осы Ереженің 24-тармағында көзделген тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру принциптерін сақтауын көрсететін түсіндірме жазбаның;

2) жоспарланатын (жасалған) шығыстарды растайтын құжаттардың ұсынылмауы уәкілетті органның тарату шығыстарының сметасын келісуден (кредиторлар комитетінің бекітуден) бас тартуына негіздеме болып табылады.

Ескерту. 45-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

45-3. Уәкілетті орган тарату шығыстары сметасының келісілгені (бекітілгені) туралы немесе оны келісуден (бекітуден) бас тартылғаны туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына жазбаша нысанда хабарлайды.

Кредиторлар комитетінің тарату шығыстарының сметасын бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешімі хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 45-3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5-тарау. Тарату комиссиясының кассалық тәртіп сақтау талаптары

46. Тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері, кассирі, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қолма-қол ақша мен құндылықтардың сақталуын, бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді, тарату комиссиясының кассасына түскен ақшаның уақтылы кіріске алынуына бақылауды жүзеге асырады.

47. Тарату комиссиясының төрағасы бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар тұлғаларды анықтайды.

Бір кассирі бар тарату комиссияларында оны ауыстыру қажет болған жағдайда кассирдің міндетін атқару тарату комиссиясы төрағасының жазбаша бұйрығымен басқа қызметкерге жүктеледі.

48. Қолма-қол ақша операцияларымен жұмысты орындап отырған, сондай-ақ өзге құндылықтарға рұқсаты бар тарату комиссиясының қызметкерімен толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалады.

49. Қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау күзет, өрт және дабыл сигнализациясы құралдармен бекітілген және жабдықталған, сейфтермен немесе жанбайтын металл шкафтармен жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.10.24. № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

50. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.10.24. № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

51. Тарату комиссиясының кассасының (бұдан әрі - касса) жұмысы аяқталған соң ақшаны және құндылықтарды сақтайтын үй-жай бір комплектісі кассирде, екіншісі - бас бухгалтерде, не тарату комиссиясының төрағасында (бөлімшенің басшысында) болатын кілттермен жабылады және тарату комиссиясының мөрімен жабылады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

52. Кассада жасалатын қолма-қол ақшамен операциялардың есебі "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалады.

53. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимиті мынадай шектерде анықталады:

- 1) тарату комиссиясының бас офисінде – 200 000 (екі жүз мың) теңге;
- 2) тарату комиссиясының бөлімшесінде – 100 000 (жүз мың) теңге.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Осы Ереженің 53-тармағында белгіленген күн сайынғы лимит сомасы жоғарылап кеткен кезде тарату комиссиясының кредиторлармен есеп айырысу жүргізу мақсатында екінші деңгейдегі банктерден, мүлікті сатудан, дебиторлық берешекті өндіріп алудан алынған қалма-қол ақшаны сақтауы қызмет көрсетуші банктен ақшаны алған күнді қоспағанда үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

55. Қолма-қол ақшаны кассаға қабылдау тарату комиссиясының бас бухгалтері және кассирі қол қойған кассалық кіріс құжаттары бойынша (қалма-қол ақшаны алып жүруге хабарлама және кассалық кіріс ордері) жасалады және кассалық кіріс журналында күн ішінде жалпы сомасы көрсетіледі.

Кассаға басқа құндылықтарды қабылдау баланстан тыс ордерлермен ресімделеді.

56. Осы Ереженің 53-тармағында көзделген кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимитін қоспағанда, кассаға қабылданған қолма-қол ақша (оның ішінде дебиторлық берешекті өтеу есебінен және мүлікті сатудан алынған ақша) кассаға сол күні кіріске алынады және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тарату комиссиясының ағымдағы шотына аударылады.

Ескерту. 56-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

57. Кассадан қолма-қол ақшаны беру кассалық шығыс ордерлері бойынша жасалады.

Басқа құндылықтарды беру баланстан тыс ордерлер бойынша ресімделеді.

58. Қолма-қол ақшаны кассалық шығыс ордері бойынша беру кезінде кассир немесе оның орнындағы адам алушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуін талап етеді, құжаттың атауын және нөмірін, кім және қашан бергенін жазып алады.

59. Қолма-қол ақшаны кассир немесе оның орнындағы адам тек кассалық шығыс ордерінде көрсетілген адамға ғана береді.

60. Егер ақшаны беру белгіленген тәртіп бойынша ресімделген сенімхат бойынша жасалса, онда ордер мәтініндегі ақшаны алушының фамилиясы, аты-жөнінен кейін кассир ақшаны алуға сенім білдірілген адамның фамилиясы, аты-жөнін көрсетеді. Егер ақша ведомость бойынша берілген болса, онда ақшаны алу үшін қол қоятын орынның алдына кассир "сенімхат бойынша" деп жазба жасайды.

Сенімхат кассирде қалады және кассалық шығыс ордеріне немесе ведомостьке қосылып тігіледі.

61. Кассалық операциялар нәтижесінде пайда болған және кассалық құжаттар бойынша ресімделмеген ақшаның және құндылықтардың артық шығуы немесе кем шығуы тиісінше кіріске алынады немесе акт жасала отырып, кассирден төлеттіріп алынады.

62. Қолма-қол ақшаны беруге арналған құжаттарға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері және кассирі қол қояды, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қол қояды.

63. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің және тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу әрбір алушыға кассалық шығыс ордері жасалмай төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосі бойынша жасалады.

64. Төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосінің бірінші бетінде (аты көрсетілген) қолма-қол ақшаның берілгендігі туралы рұқсат беру жазбасы тарату комиссиясының төрағасының және бас бухгалтерінің қолмен, қолма-қол ақшаны беру мерзімін және сомасын жазбаша көрсету арқылы жасалады.

65. Жалақы төлеудің белгіленген мерзімі өткен соң кассир:

1) төлем ведомосіне төлем жасалмаған адамның фамилиясының қарсы тұсына штамп қояды немесе қолымен "депонирленген" деп белгі қояды;

2) депонирленген соманың тізілімін жасайды;

3) ведомостің аяғында жалақының нақты төленген сомасы мен депонирлеуге жататын жалақының алынбаған сомасы туралы жазба жасайды, осы сомаларды төлем ведомосінің жалпы жиынтық сомасымен салыстырады және өзінің қолымен бекітеді;

4) ведомосте нақты төленген соманы көрсетеді.

Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

66. Тарату комиссиясының қызметкерлеріне қолма-қол ақша тарату өндірісіне байланысты мақсаттар үшін есепті түрде беріледі.

Ақшаны есепті түрде берудің негіздемесі тарату комиссиясының бас бухгалтері және төрағасы қол қойған осы шығыстардың (тарату комиссиясының баянжазбасы, есептері, хаттамалары және басқалар) қажеттігін негіздейтін құжаттарды тиісті жағдайда ресімдеу болып табылады.

67. Есеп беруші тұлғалар есепті түрде берілген сомалар бойынша оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде, іссапарлық шығыстар бойынша іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес

мерзімде алынған сомалардың мақсатты жұмсалғанын растайтын құжаттарды береді (барлық растаушы құжаттар қоса берілген аванстық есептер, тауарларға ақы төленгені немесе қызмет көрсетілгені туралы чектер).

Есепті түрде берілген ақша мынадай:

- 1) мақсатты жұмсалмаған;
- 2) мақсатты жұмсалғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайларда қайтарылуға тиіс.

Есепті түрде берілген ақша алынған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал іссапар шығыстары бойынша – іссапар ақталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылуға тиіс.

Есепті түрде алынған және пайдаланылмаған ақша сыйақыдан (жалақыдан) ұсталмайды.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

68. Кассалық кіріс құжаттары, кассалық шығыс ордерлері және баланстан тыс ордерлер нақты және түсінікті етіп толтырылады. Бұл құжаттарда ешқандай өшіру, түзетіс немесе түзету, тіпті келісілгендеріне де жол берілмейді.

Кассалық шығыс ордерлерінде оларды жасау негіздемелері және оған қоса беріліп отырған құжаттар атап көрсетіледі.

69. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері қосымшаларымен бірге күні, айы және жылы көрсетіліп, кассирдің немесе оның орнындағы адамның "Алынды" немесе "Төленді" деген қолымен немесе штамппен міндетті түрде жабылады.

70. Жұмыс күнінің соңында кассир кассалық кіріс және шығыс ордерлері негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес күн ішіндегі кассалық айналымдар мен құндылықтар қалдықтары туралы жиынтық анықтама жасайды және оның қорытындысын бухгалтерлік есептің деректерімен салыстырады. Салыстыру тарату комиссиясының бас бухгалтері мен кассирінің қолдарымен расталады.

71. Тарату комиссиясы қолма-қол ақшаның қозғалысын және нысаналы пайдаланылуын есепке алу үшін ереженің 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша нөмірленетін, жіппен байланатын және мөрмен бекітілетін кассир қабылдаған және берген ақшаны есепке алу кітабын (бұдан әрі – касса кітабы) жүргізеді. Касса кітабындағы парақтар саны тарату комиссия төрағасының (бөлімше басшысының), бас бухгалтерінің және кассирінің қолымен расталады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

72. Касса кітабында өшіруге, келісілмеген түзетулерге жол берілмейді. Қате түзетілген жағдайда "Түзетілді" деген жазба жасалады да, ол түзетілген күні көрсетіліп, тарату комиссиясының кассирінің және бас бухгалтердің қолдарымен расталады.

Касса кітабын дұрыс және уақтылы жүргізуді бақылау тарату комиссиясының төрағасының бұйрығымен бас бухгалтерге жүктеледі.

73. Күн сайын жұмыс күнінің аяғында кассир касса кітабындағы күн ішіндегі операциялардың (кіріс және шығыс бойынша) қорытындысын есептейді, қолма-қол ақшаның қалдығын, сондай-ақ басқа құндылықтардың келесі күнге қалған қалдығын шығарады, сондай-ақ басқа құндылықтардың қалдығын ол түзетілген күні көрсетіліп, тарату комиссиясы төрағасының (бөлімше басшысының), бас бухгалтерінің және кассирінің қолдарымен расталады.

Ескерту. 73-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

74. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығы мен бухгалтерлік есеп деректері арасында алшақтықтар болған жағдайда бас бухгалтер бұл туралы алшақтық себептерін анықтау шараларын көру үшін дереу тарату комиссиясының төрағасына және бөлімше басшысына хабарлайды. Артық шығу немесе кем шығу расталған жағдайда акт жасалады.

Ескерту. 74-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

75. Касса жинақталған соң кассир касса құжаттарын қалыптастырады және жинақтап тігеді. Қалыптастыру кезінде кассалық құжаттар баланстық шоттар (нөмірінің өсу тәртібімен) бойынша және кіріс және шығыс бойынша жеке-жеке іріктеледі. Мемориалдық құжаттар баланстан тыс шоттардың нөмірі бойынша іріктеледі - басында кіріс, содан соң шығыс деп.

76. Касса құжаттары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей әр күн үшін жеке папкаларға қалыптастырылады. Жинақталып тігілген құжаттардың жинақталған деректері саналады және күн ішіндегі касса айналымы туралы жиынтық анықтама деректерімен салыстырылады.

Жауапты қызметкерлер қол қойған кассалық және мемориалдық кіріс және шығыс ордерлерінің күн ішіндегі кассалық айналымдары туралы анықтамалар кассалық құжаттардан бұрын, папканың басына орналастырылады.

77. Тарату комиссиясының төрағасы белгілеген, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес мерзімде қолма-қол ақшаны толық қайта санау арқылы (банкнотты - парақтап, монеталарды - топтамалар бойынша) және басқа құндылықтардың болуын тексеру

арқылы кассаға ревизия жасалады. Кассаны ревизиялау өндірісі үшін төрағаның бұйрығымен акт жасаушы комиссия тағайындалады.

78. Ревизия барлық құндылықтарға тексеру жүргізу және құндылықтар мен ақшаны талан-таражға салу және кем шығу мүмкіндігін жасыра алмайтын бір ізділік бойынша жасалады. Кассада кем шығу немесе артық шығу анықталған жағдайда актіде кем шығу немесе артық шығу сомасы, олардың пайда болу жағдайлары көрсетіледі.

6-тарау. Активтерді басқару және талаптарды қарау

79. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтеріне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті мүлкі, құндық бағасы бар мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа да талаптары кіреді және тарату, конкурстық массаны қалыптастыруға негіз құрайды.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

80. Тарату комиссиясы тағайындалған күнінен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде тарату комиссиясы уәкілеттік берген таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметкерлерінің қатысуымен мүлікті (активтерді) түгендеуді, жеке шоттарды баланстық шоттармен, сақтандыру шарттарын (полистерін), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа да шарттарын салыстырып тексеруді, сондай-ақ баланстық шоттардағы және меморандум шоттарындағы барлық қалдықтарды салыстырып тексеруді жүргізеді. Түгендеу нәтижелері бойынша акті жасалады.

Бухгалтерлік есеп деректерінің дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында тарату комиссиясы жылына кемінде бір рет, сондай-ақ мынадай жағдайларда:

1) материалды жауапты адамдар мен лауазымды тұлғалар, оның ішінде тарату комиссиясының төрағасы және (немесе) бухгалтерлік қызмет басшысы ауысқан жағдайда;

2) ұрлану немесе теріс пайдаланушылық, сондай-ақ мүліктің бүліну фактілері анықталған жағдайда;

3) табиғи апат, өрт, апаттар немесе қысылтаяң жағдайлардан туындаған басқа да төтенше жағдайлар жағдайында міндетті тәртіппен түгендеу жүргізеді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

81. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық шарттары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа да міндеттемелері бойынша шарттар қолда бар барлық құжаттармен қоса тізімделуге және есепке алу-тіркеу құжаттарымен бірге кейін

салыстырып тексеруге жатады. Құжаттар арасында айырмашылық анықталса не құжат болмаса, себебі көрсетіле отырып, акт жасалады.

82. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының түгендеу жолымен белгіленген барлық активі тарату массасына кіруге тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратудың басында оның балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансында көрсетіледі.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-1. Мүлікті Ережеде белгіленген тәртіппен сатқанға дейін, тарату комиссиясы тарату шығыстарын азайту мақсатында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін, оның ішінде тарату комиссиясы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сот актілері бойынша қабылдаған мүлікті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына келтірілген зиянды өтеу есебіне алынған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген мүлікті жалға беруді таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетімен келісу бойынша жүзеге асырады.

Мүлікті жалға беруден алынған ақша тарату массасына жіберіледі.

Мүлікті жалға беру тарату комиссиясының оны сату бойынша іс-шараларды жүзеге асыруын тоқтата тұрмайды.

Тарату комиссиясының мүлікті жалға беру шартын жасасуы жалға алушының мүлікті тарату комиссияның бірінші талабы бойынша босатуға (қайтаруға) және жалданған мүлікті қосымша жалдауға (қосалқы жалға беруге) беруге тыйым салуға келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 82-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-2. Тарату комиссиясы жалға алушыны таңдауды тендер өткізу арқылы жүзеге асырады, оның қорытындысы бойынша артықшылық мүлікті жалға алудың ең жақсы шарттарын ұсынған тұлғаға беріледі.

Бірнеше тендер қатысушысы мүлікті жалдаудың бірдей талаптарын ұсынған жағдайда, жалға алушыны таңдау тендерге мүдделі қатысушылардың міндетті түрде қатысумен жеребе арқылы жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрынғы басшы қызметкерлері, акционерлері және басқа да үлестес тұлғалары, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары болып табылатын тұлғалар, тарату комиссиясының төрағасы, мүшелері, тартылған қызметкерлері, сондай-ақ барлық жоғарыда атап көрсетілген тұлғалардың өкілдері тендерге қатыстырылмайды.

Ескерту. Ереже 82-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-3. Тендер өткізу туралы хабарландыру тендер өткізу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын аумағында жалға берілетін мүлік орналасқан облыс немесе республикалық маңызы бар қала бойынша таралатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Мүлікті жалға алушыны таңдау бойынша тендер өткізу туралы хабарландыруда:

тендерді өткізу күні, орны және уақыты;

таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы;

жалға берілетін мүліктің сипаттамасы;

өтінімдерді қабылдау орны, уақыты және мерзімдері;

тендерлік құжаттаманы және қосымша ақпаратты алуға болатын телефондар, мекенжайлар қамтылады.

Тарату комиссиясы тендерлік құжаттаманы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетімен келіседі.

Ескерту. Ереже 82-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-4. Тендерлік құжаттамада мынадай мәліметтер қамтылады:

1) хабарландыруда көрсетілген ақпарат;

2) жалға берілетін мүлікті көрсету күні, уақыты және орны;

3) жалға алу төлемін төлеу талаптары;

4) тендердің жеңімпазы анықталатын критерийлер;

5) жалға беру шартының жобасы.

Тарату комиссиясы жалдау төлемінің мөлшерін салыстырмалы жағдайларда осыған ұқсас мүлікті жалдау кезінде әдетте қолданылатын бағаларға қарай айқындайды.

Ескерту. Ереже 82-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-5. Егер тендерге екі қатысушыдан кем қатысқан болса, тендер өтпеді деп саналады.

Тендер өтпеді деп танылған жағдайда, тарату комиссиясы тендердің жалғыз қатысушысымен жалға беру шартын жасасу туралы мәселені қарайды.

Тарату комиссиясы тендерге қатысушымен алты айдан аспайтын мерзімге жалға беру шартын жасасады.

Тарату комиссиясы жалға беру шартының қолданылу мерзімі өткен соң кредиторлар комитетімен келісу бойынша жалға беру шартын ұзарту туралы мәселені қарайды.

Ескерту. Ереже 82-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

83. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі берген мүлікті бағалау туралы есеп болмаған кезде "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыратын бағалаушыны (бұдан әрі - бағалаушы) тарта отырып, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін бағалауды жүргізеді.

Баланстық құнына қарамастан жылжымайтын мүлікті, бір бірлігі үшін 1000 (бір мың) айлық есептік көрсеткіштен артық баланстық құны бар жылжымалы мүлікті бағалау үшін бағалаушыны таңдау конкурс (тендер) өткізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша ең тиімді талаптар (көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеу мөлшері, бағалау жүргізу мерзімдері, бағалаушының филиалдық желісінің болуы және өзге де талаптар) ұсынған бағалаушыға артықшылық беріледі. Конкурсты (тендерді) өткізу талаптарын тарату комиссиясының төрағасы айқындайды және олар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалануға жататын мүлкінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе облыста, республикалық маңызы бар қалада, Қазақстан Республикасының астанасында таралатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Тарату комиссиясы 50 (елуден) 1000 (бір мың) айлық есептік көрсеткішке дейінгі баланстық құны бар жылжымалы мүліктің 1 (бір) бірлігін бағалау үшін бағалаушыны таңдауды баға ұсыныстарын сұрату арқылы жүзеге асырады.

Баланстық құны 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем жылжымалы мүлікті бағалау жүргізілмейді.

Бағалау жүргізу конкурсына бір-біріне қатысты үлестес бағалаушылар қатыспайды. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында айқындалған тұлғалар үлестес бағалаушылар болып табылады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

84. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдындағы берешегін өтеу есебіне, оның ішінде сот шешімін орындау есебіне мүлікті беру кредиторлар комитетімен келісу бойынша мүлікті бағалау туралы есеп болған жағдайда жүзеге асырылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Уәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін орын алған, орындалуы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделуі аралық тарату балансы бекітілгенге дейін аяқталмаған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметін мәжбүрлеп тоқтататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қатысуымен мәмілелер жасалмаған болып есептеледі.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

86. Тарату комиссиясы тарату массасын толтықтыру үшін дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің қабылдануы нәтижесінде мүліктік құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған заңды тұлғалар, заңды тұлғаны құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен дауды тікелей реттеу мақсатында жазбаша өтінішпен оның тарату комиссиясына жүгінеді.

Кредиторлар-жеке тұлғалар растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жазбаша өтінішпен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына өтініш жасайды.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87-1. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88. Кредиторлардың талаптарында талап ету мөлшері туралы мәліметтер қамтылады (талап етудің негіздемесі мен мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) мөлшері туралы жеке-жеке (заңды күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері және басқа құжаттар)).

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88-1. Кредитор Қорға кепілдік берілген төлемді алу туралы арызбен өтініш жасаған жағдайда, тарату комиссиясының атына жасалған арызда (шағымда) құжаттардың

көшірмелері қоса беріліп, Қордың кепілдік берілген төлемді алу туралы арызды қарау нәтижелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 88-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

89. Шағым (өтініш) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен кредитор арасында жасалынған шартта басқа мерзім келісілмеген жағдайда, оны алған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуы тиіс.

90. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы шағымды (өтінішті) қарау кезінде қойылатын талаптың заңдылығын және оның негізділігін тексеруі керек.

Ескерту. 90-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

91. Шағымды (өтінішті) алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізделген талабын тануға және жазбаша түрде шағымды (өтінішті) қарау нәтижелері бойынша хабарлауға міндетті.

Шағымға (өтінішке) берілетін жауапта мыналар көрсетіледі:

1) шағым (өтініш) берушінің және жауап беретін тарату комиссиясының толық атауы, почталық деректемелері, жауап берілетін шағымның (өтініштің) күні және номері;

2) шағымды (өтінішті) толық немесе ішінара таныған жағдайда, танылған сома көрсетіледі, егер ол ақшалай бағалауға жатқызылмаса, не шағымның (өтініштің) мерзімі және қанағаттандыру әдісі көрсетіледі. Егер кредитордың шағымы (өтініші) Қор кепілдік берген кепілдік берілетін сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемін алу құқығының болуына себепші болса, сақтандыру төлемін жүзеге асыратын таратылатын сақтандыру ұйымының міндеттемесін Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен кепілдік берілген төлемдерді жүзеге асыру арқылы орындауы мүмкін;

3) шағым (өтініш) толық немесе ішінара ауытқыған жағдайда - шағымның (өтініштің) ауытқуына негізделген тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сүйенген ауытқу себептері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттардың және басқа дәлелдемелердің тізбесі.

Ескерту. 91-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

92. Шағым (арыз) толығымен немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге шағыммен (арызбен) бірге алынған құжаттар қайтарылады, сондай-ақ егер өтініш берушіде болмаса, шағымның (арыздың) қабылданбағанын негіздейтін құжаттар жіберіледі.

Кредитордың растайтын құжаттарды ұсынбағанына байланысты тарату комиссиясының шағымды (арызды) қабылдамауы кредитордың шағымдарды (арыздарды) қабылдау үшін белгіленген мерзім шегінде шағыммен (арызбен) және талап етілетін құжаттарды қоса бере отырып, тарату комиссиясына қайталап өтініш жасауына кедергі болмайды.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

93. Кредиторға жауап арнайы немесе бағалы хатпен, хаттың жіберілуін белгілейтін басқа байланыс құралдарымен жіберіледі.

94. Шағымдар (өтініштер) беру мерзімі баспасөзде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап есептеледі және 2 (екі) айдан кем болмайды.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Шағым (өтініш) беру, сондай-ақ барлық ұсынылған шағымды (өтінішті) қарау мерзімі аяқталғаннан кейін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы бір айлық мерзімде активтерді және міндеттемелерді түгендеу нәтижелерін ескере отырып, аралық тарату балансын жасайды, мұнда таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкінің құрамы, кредиторлар берген шағымдар мен өтініштердің тізбесі, оларды қарау нәтижелері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларынан талап етілмеген берешектері, кредиторлардың талаптарының тізілімі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Филиалдары және өкілдіктері бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансы филиалдар мен өкілдіктердің аралық тарату баланстарын ескере отырып жасалады.

96. Шағым (өтініш) берген кредитор бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борышкері болса, онда тарату комиссиясы шағымды (өтінішті) қарау кезінде ұсынылған құжаттарға сәйкес аралық тарату балансы бекігенге дейін кредитор мен борышкердің бір тұлға болып дәл келуі барысында өзара талап ету сынағын өткізу туралы мәселені қарайды және пайда болған айырма сомасын аралық тарату балансына енгізеді.

Аралық тарату балансы бекігеннен кейін өзара талап ету сынағы осы кредитордың талабын қанағаттандыру жөніндегі тиісті кезегі келген кезде ғана жасалады.

97. Аралық тарату балансын және оған қосымшаларды, оның ішінде кредиторлар талаптарының тізілімін тарату комиссиясы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13638 болып тіркелген, "Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, қызметі ерікті түрде және мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тарату комиссияларының есептер мен қосымша ақпаратты беру нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 65 қаулысымен (бұдан әрі - №65 қаулы) белгіленген нысандар бойынша жасайды.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

99. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олардың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар талаптарының тізілімін жасайды және ол Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабында белгіленген кезектілікке сәйкес болуы тиіс.

Кредиторлар талаптарының тізілімінде әрбір кредитор, оның ақшалай міндеттемелер және (немесе) міндетті төлемдер бойынша талаптарының мөлшері туралы, әрбір талапты қанағаттандыру кезектілігі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың даусыз болып табылатын, белгіленген мерзімде мәлімделген және тарату комиссиясы таныған талаптары енгізіледі.

Заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына берілген орындау құжаттары кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына тапсырылады.

Орындау құжаттары танылған талаптар болып табылады және орындалмаған сома мөлшерінде тиісті кезектілік бойынша кредиторлар талаптарының тізіліміне есепке алынады.

Тарату комиссиясы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттары бойынша басталған сақтандыру жағдайлары бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан Қор кепілдік беретін сақтандыру төлемдерінің сомасын өндіріп алу туралы орындау құжаттарын кредиторлар талаптарының тізіліміне есепке алады.

Тарату комиссиясы Қормен оның жүзеге асырған кепілдік берілген төлемдерінің сомасы бойынша салыстырып тексеру актісіне қол қойғаннан кейін кредиторлардың мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттары бойынша басталған сақтандыру жағдайлары бойынша өзі таныған талаптарын салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Тарату комиссиясы кредиторлардың, оның ішінде Қор кепілдік берілген төлемдерді жүзеге асырған орындау құжаттары бойынша талаптарын таныған жағдайда, тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

99-1. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін жасағаннан кейін оларды қағаз және электрондық тасымалдағыштармен уәкілетті органға бекітуге ұсынады.

Уәкілетті орган аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін оларды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде бекітеді.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілгеннен кейін құжаттардың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға жатады, ал екінші данасы уәкілетті органда қалады.

Аралық тарату балансының деректері ұсынылған құжаттар мен ақпараттың деректеріне сәйкес келмеген жағдайларда, сондай-ақ № 65 қаулыда көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайда аралық тарату балансы уәкілетті органмен бекітілуге жатпайды.

Аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілмеген жағдайда, уәкілетті орган анықталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің себептері мен оларды жою және аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін бекіту үшін уәкілетті органға қайталап ұсыну мерзімін көрсете отырып, бұл туралы тарату комиссиясын жазбаша хабардар етеді.

Аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті органға қайталап ұсыну мерзімі тарату комиссиясы аралық тарату балансы мен кредиторлар талаптары тізілімінің бекітілмегені туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап бір айдан аспайды.

Ескерту. Ереже 99-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

100. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша есеп айырысулар Сақтандыру қызметі туралы заңның 72-бабының 2-

тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда, аралық тарату балансын және оның қосымшаларын уәкілетті орган бекіткеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-тарау. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

101. Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде олардың қатысуымен шешім қабылдау үшін кредиторлар комитеті құрылады.

102. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін аралық тарату балансы мен кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қалыптастырады, тарату комиссиясының төрағасы қол қояды және 2 (екі) жұмыс күні ішінде бекітуге уәкілетті органға жіберіледі. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін Ереженің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша жасайды.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103. Кредиторлар комитетінің құрамы Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабында көзделген кредиторлар санатының әрқайсысынан бір өкілден, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген, мейлінше көп талап ету сомасы бар кредиторлардан қалыптастырылады.

Тарату комиссиясы мұндай кредиторларға осы кредиторларды тарату өндірісіне қатысу үшін кредиторлар комитетінің құрамына енгізу туралы ұсыныстар жібереді.

Кредитордың жазбаша келісімі болған жағдайда ол кредиторлар комитетінің құрамына енгізіледі.

Кредиторлар комитетінің құрамына таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрынғы басшы қызметкерлері, сондай-ақ бұдан бұрын оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, тарату рәсімдерін жүзеге асыру кезінде жүктелген міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау, жекелеген кредиторлардың мүдделеріне қысым көрсететін не басқаларға артықшылық беретін іс-әрекет жасау фактісінің (фактілерінің) болуы анықталған банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі болған кредиторлар мен олардың өкілдері енгізілмейді.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР

Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

104. Кредиторлар комитетіне енгізілген кредиторлар саны кем дегенде 3 (үш) адам болады.

Кредитор кредиторлар комитетінің жұмысына қатысудан бас тартқан жағдайда, тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ең жоғары талап ету сомасы бар кейінгі кредиторға ұсыныс жібереді.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

104-1. Уәкілетті орган кредиторлар комитетінің құрамын мынадай негіздер бойынша қайта бекітуге тиіс:

1) кредиторлар комитетінің өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін шешімдерді қабылдауы;

2) кредиторлар комитетінің отырысына мәселені 2 (екі) реттен көп рет шығару кезінде кредиторлар комитетінің өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдерді қабылдамауы;

3) кредиторлар комитетінің кредиторлар - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын шешімдерді қабылдауы.

Кредиторлар комитетінің құрамын қайта бекіту туралы шешім тарату комиссиясына және кредиторлар комитетіне жіберіледі.

Ескерту. Ереже 104-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

104-2. Тарату комиссиясының шешімі бойынша кредиторлар комитетінің мүшесі кредиторлар комитетінің құрамынан мынадай негіздер бойынша шығарылады:

1) кредиторлар комитеті мүшесінің дәлелді себептерсіз қатарынан 2 (екі) реттен көп рет кредиторлар комитетінің отырыстарына қатыспауы;

2) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлар комитеті мүшесінің талаптарын толығымен қанағаттандыру;

3) кредиторлар комитеті мүшесінің кредиторлар комитетінің құрамына қатысудан бас тартуы;

4) кредитордың кредиторлар комитетінің құрамында болуына кедергі болатын өзге де жағдайлар (заңды күшіне енген сот актілері, заңды тұлға - кредитордың таратылуы не жеке тұлға - кредитордың қайтыс болуы және басқалар).

Ескерту. Ереже 104-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

104-3. Ереженің 104-1 және 104-2-тармақтарында көзделген жағдайларда тарату комиссиясы кейіннен кредиторлар комитетінің тізімін бекітуге уәкілетті органға ұсынумен кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту бойынша жұмыс жүргізеді.

Тарату комиссиясы таратылып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ең жоғары талап ету сомасы бар кейінгі кредиторға ұсыныс жібереді.

Ескерту. Ереже 104-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

105. Тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің отырысын өткізу күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей отырыстың күн тәртібін бере отырып, уәкілетті органды және кредиторлар комитетінің барлық мүшелерін кредиторлар комитетінің бірінші отырысының өткізілу орны мен күні туралы жазбаша хабардар етеді.

Кредиторлар комитетінің бірінші отырысы кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Кредиторлар комитеті бірінші отырысында:

кредиторлар комитетінің төрағасын сайлайды;

кредиторлар комитетінің отырыстарын өткізу тәртібі мен дауыс беру рәсімін реттейтін кредиторлар комитеті туралы ережені бекітеді.

Кредиторлар комитетінің төрағасына дауыс беру рәсімінде тең дауыс алу кезінде шешуші дауыс алу құқығы беріледі.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

106. Кредиторлар комитетінің одан кейінгі мәжілістері комитет белгілейтін тәртіппен мерзімде шақырылады.

107. Кредиторлар комитетінің өкілеттігіне мыналар кіреді:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату процесінде жасалатын барлық құжаттармен танысу;

2) Ереженің 15-тармағына сәйкес тарату комиссиясының төрағасымен және (немесе) мүшесімен келісім жасау;

3) уәкілетті органды және сотты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату барысында кредиторлардың құқықтарын, мүдделерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы, оның ішінде тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшелерінің өз міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны туралы хабардар ету;

4) сотқа және уәкілетті органға тарату комиссиясының іс-әрекеттеріне шағымдану;

5) мүлікті сату аукциондарын және тарату комиссияның отырыстарын қоса алғанда, кредиторлар комитеті мүшелерінің арасынан тарату рәсімдерінің кез келгенін жасау кезінде қатысу өкілеттіктері берілген кредиторлардың өкілдерін сайлау;

6) тарату комиссиясынан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу;

7) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өндіріп алуға мүмкін емес дебиторлық берешегінің көлемін бекіту;

8) тарату комиссиясы ұсынған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату массасын, конкурстық массасын іске асыру жоспарын бекіту, сондай-ақ тарату комиссиясының төрағасы қабылдаған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін алты айдан аспайтын мерзімге төлемді бөліп-бөліп төлеу түрінде ақы төлеу талабымен жария сауда-саттық арқылы сату туралы шешімді келісу;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйін ескере отырып, тарату комиссиясының төрағасына және (немесе) мүшелеріне, сондай-ақ тартылған қызметкерлерге қосымша төлемдер мөлшерін қоса алғанда, тарату шығыстарының сметасын бекіту;

10) тарату комиссиясының мүлікті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансынан есептен шығару актісін бекіту;

11) тарату комиссиясының төрағасы қабылдаған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін жалға беру туралы шешімді және тендерлік құжаттаманы келісу;

12) тарату комиссиясының төрағасы қабылдаған мүлікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдындағы берешегін өтеу үшін, оның ішінде сот шешімін орындау есебіне қабылдау туралы шешімді келісу;

13) тарату комиссиясының төрағасы қабылдаған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жылжымайтын мүлкіне, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына келтірілген зиянды өтеу есебіне алынған атқарушылық іс жүргізу шеңберіндегі сот актілері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы қабылдаған жылжымайтын мүлкіне қатысты мәміле жасау туралы шешімді келісу.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

107-1. Кредиторлар комитеті болмаған, сондай-ақ ол өзінің функцияларын жүзеге асырмаған жағдайда, Ереженің 107-тармағының 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді тарату комиссиясының төрағасы жүзеге асырады.

Ескерту. 107-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.10.24 № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

108. Кредиторлар комитетінің мәжілісі хаттамамен ресімделеді.

Кредиторлар комитетінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады.

109. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-тарау. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

110. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптарын, оның ішінде оның банкрот болуына байланысты талаптарын қанағаттандыруды тарату комиссиясы Сақтандыру қызметі туралы заңның 72-бабында белгіленген тәртіппен және кезектілікпен, аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап соған сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

111. Әрбір кезектің талабы осының алдындағы кезектің талаптары толық қанағаттандырылған соң барып қанағаттандырылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі бір кезекті қанағаттандыруға жетпеген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы және мүлкі (өзгесі) осы кезектің кредиторлары арасында қанағаттандырылуы тиіс талаптар сомасына теңбе-тең бөлінеді.

112. Тиісті кезегі келген жағдайда кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) оның бағалау құны бойынша заттай нысанда мүлікті, сондай-ақ есептеулердің тепе-теңдік қағидатын сақтай отырып, баланстық және баланстан тыс шоттарда есептелген дебиторлық берешекті (негізгі борышты, есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды) беру арқылы қанағаттандырылады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

113. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

114. Кредиторлардың шағымдар берудің тарату комиссиясы белгілеген мерзімі өткеннен кейінгі, мәлімденген талаптары Қордың талаптарын (өтініштерін) қоспағанда, кредиторлардың белгіленген мерзімде мәлімденген талаптарын қанағаттандырудан кейін қалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкінен қанағаттандырылады.

Талап-шағым жасау үшін тарату комиссиясы белгілеген мерзім өткеннен кейін Қордың жасаған талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және осы талаптар үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан не оларды қараудан жалтарған жағдайда, кредитор сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясына талап-арызбен сотқа жүгінеді.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116. Кредиторлардың таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі жеткіліксіз болуынан қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейінгі мәлімденбеген шағымдары (өтініштері) өтелген болып саналады.

Кредиторлардың тарату комиссиясы танымаған, егер кредитор сотқа шағым-талап бермеген болса және сот шешімі бойынша кредитордың талабын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайдағы талаптары өтелген болып есептеледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117. Өтініші тарату комиссиясымен танылған және кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредитордың алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда, тарату комиссиясы кредиторға төленбеген соманы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен нотариустың депозитіне аударады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

118. Тарату комиссиясы кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін қалған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9-тарау. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату тәртібі

1-параграф. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату бойынша аукционды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

119. Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы Ережеде белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сатуды жүзеге асырады.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздарын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарығында сатуды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздары нарықтық құны бойынша сатылады.

Ұйымдастырылған нарықта айналыстағы бағалы қағаздардың (бір бірлігінің) құнын бағалау "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Осындай бағалы қағаздарды көрсетілген әдістеме бойынша бағалау мүмкін болмаған не бағалы қағаздардың белгілі бір түріне қатысты әдістеме болмаған жағдайда, олардың құнын Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы бағалайды.

Бағалы қағаздарды нарықтық құны бойынша сатып алуға ниетті тұлғалар болмаған жағдайда, кредиторлар комитеті (кредиторлар комитеті болмаса – уәкілетті органмен келісу бойынша тарату комиссиясының төрағасы) бағалы қағаздардың әрбір түрі үшін өзге құнын белгілейді.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

120. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату Жоспарын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитеті бекітеді.

Тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің құрамы бекітілгенге дейін уәкілетті органмен келісу бойынша Ережеде көзделген тәртіппен мүлікті сатады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында кредиторлар комитеті болмаған жағдайда таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін

сату Жоспарын тарату комиссиясының төрағасы бекітеді және мәлімет беру үшін уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 120-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.10.24 № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

121. Мүлікті сату іске асыру Жоспарына сәйкес сауда-саттықтағы жариялылық, ашықтық және жетімділік принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Тарату комиссиясы аукциондар өткізу кезінде осы Ереженің 154-тармағында көзделген жағдайдан басқа жағдайда сауда-саттықты жүргізу әдісін (ағылшын немесе голланд) таңдауды дербес жүзеге асырады.

122. Олардың құнына қарамастан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үйлері мен ғимараттары, өзге де жылжымайтын мүлік объектілері, көлік құралдары, сондай-ақ таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүліктің бір бірлігі үшін жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын бағалау құны бар өзге де жылжымалы мүлкі тек қана жария сауда-саттық (аукцион) арқылы сатылуы тиіс.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүліктің бір бірлігі үшін жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар жылжымалы мүлкін жария сауда-саттықты өткізусіз, бірақ бағалау құнынан төмен емес бағамен сатады.

Тарату комиссиясы жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар жылжымалы мүлікті сату кезінде сату бағасын (бағалау құнынан асатын) дербес белгілейді.

100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіштен аз бағалау құны бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жылжымалы мүлкі кредиторлар комитеті мүлікті сату бағасын бекіту талабымен бағалау құнынан төмен емес баға бойынша осы мүлікті сатып алуға ниетті тұлғалар болмаған жағдайда бағалау құнынан төмен баға бойынша сатылады.

Тарату комиссиясы елу айлық есептік көрсеткіштен кем баланстық құны бар жылжымалы мүлікті жария сауда-саттықты өткізусіз, тарату комиссиясы дербес белгілеген, бірақ баланстық құнының елу пайызынан төмен емес бағамен сатады.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

122-1. Тазартылған қымбат металдардың құны Лондон қымбат металдар нарығы қауымдастығының (LBMA Gold Price) сату күніне белгіленген алтын бағасы бойынша айқындалады.

Ескерту. Ереже 122-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

123. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату алдындағы дайындық шараларына мыналар кіреді:

1) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкінің құрылымын қайта қарау (сегментация, шоғырландыру) және нәтижесінде объектіні сату анықталатын лоттарды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны таңдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

3) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен бағалау;

4) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату туралы хабарландыруды жариялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату жоспарын кредиторлар комитеті қарауы және бекіту үшін дайындау және ұсыну;

6) тартылып отырған жеке немесе заңды тұлғамен сауда-саттық жүргізу жөнінде қызмет көрсету туралы шарт жасасу.

124. Сату жоспарында сатылатын объектілер туралы ұсыныстар және олардың толық сипаттамасы, бағалау құны, бастапқы (және сауда-саттықтың голланд әдісі кезінде – ең төмен) сату бағасы, сауда-саттықты өткізу кезеңі және әдісі туралы мәліметтер қамтылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату жоспарына баланстық құны 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аз, сондай-ақ бағалау құны 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіштен аз мүлік кіргізілмейді. Бағалау құны 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіштен аз мүлік тарату комиссиясы оны бағалау құнынан төмен емес бағамен сатпаған жағдайда таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату жоспарына кіргізіледі.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

125. Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сатуды осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес, мынадай талаптар мен мақсаттарды негізге ала отырып жүргізеді:

1) сатылып отырған мүлікке бағаны осы аймақтағы мүліктің осыған ұқсас түрлеріне беріліп отырған рыноктық бағадан кем емес бағаны белгілеу;

- 2) мүлікті ең жоғары бағамен сату;
- 3) мүлікті сату кезінде шығындарды кеміту.

Ескерту. 125-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

126. Сауда-саттықты ұйымдастырушы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату туралы хабарландыруды аукцион өткізу күніне дейін кем дегенде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мүлкінің орналасқан жері бойынша облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жылжымайтын мүлкін сату бойынша алғашқы сауда-саттық өтпеген болып танылған жағдайда, сауда-саттықты ұйымдастырушы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Аукцион ол туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей өткізіледі. Әрбір жеке аукционға жеке хабарландыру беріледі.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

127. Сауда-саттықты жүргізу туралы ақпараттық хабарламада мыналар болады:

- 1) сауда-саттықты жасау күні, орны және уақыты;
- 2) мүлкі сатылуға қойылып отырған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы және тарату комиссиясының мекен-жайы;
- 3) қойылатын лоттардың сипаттамасы (мазмұны);
- 4) әрбір лот бойынша сауда-саттық жүргізу әдісі;
- 5) сатуға қойылған лоттардың бастапқы және барынша төмен бағалары;
- 6) кепілдік берілген жарнаны енгізу мөлшері, мерзімі және тәртібі, сатушының деректемелері;
- 7) өтінімдерді қабылдау орны, уақыты және мерзімі;
- 8) сату объектісімен танысу күні, уақыты және орны;
- 9) сату объектісін сатып алу жөніндегі төлем талаптары;
- 10) сауда-саттықты жүргізу ережелерімен танысу және өзге де ақпараттар алуға болатын мекен-жай және телефондар;
- 11) сатушының шешімі бойынша басқа қосымша ақпарат.

128. Сауда-саттықты ұйымдастырушы сауда-саттық өткенге дейін әрбір қатысушыға тіркелген сәтінде берілетін аукционға қойылатын әрбір лоттың ұсақ-түйегіне дейін сипаттама берілген аукцион картасын дайындайды.

129. Ақпараттық хабарландыру жарияланғаннан кейін сатушы аукционды ұйымдастыру және өткізу және сату объектісі туралы ақпаратпен тілек білдірушілердің барлығын құлақтандыруды қамтамасыз етеді.

130. Сатушының функциясына мыналар кіреді:

- 1) кепілдік берілген жарналарды қабылдау;
- 2) аукционды жүргізу барысына бақылауды жүзеге асыру;
- 3) сауда-саттық жеңімпазымен сатып алу-сату шартын жасау және оны бақылау;
- 4) қатысушылар мен сатып алушылардың есеп айырысуын жүзеге асыру.

131. Аукционға қатысуға осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

132. Аукционға "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес бір-біріне қатысты үлестес әлеуетті сатып алушылар қатыстырылмайды.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

133. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аукцион арқылы сатып отырған мүлкін сатып алуға тілек білдірген тұлғалар аукцион басталғанға дейін бір сағат бұрыннан кешіктірмей кепіл жарна енгізеді.

Ескерту. 133-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

134. Аукционға қатысу үшін кепіл жарна барлық таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бірдей мөлшерде белгіленеді және әрбір сату объектісі үшін оның бастапқы бағасының бес проценті болады.

135. Кепіл жарна қатысушының мынадай міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылады:

1) сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамасына қол қою;

2) сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес сатып алу-сату шартын жасау;

3) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау.

136. Бір кепілдікті жарна сауда-саттыққа қатысуға және кепілдікті жарна енгізілген бір лотты сатып алуға құқық береді.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

137. Кепілдікті жарнаны қатысушы не оның атынан Ереженің 132-тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға енгізеді. Сатушы кепілдікті жарнаның алушысы болып табылады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

138. Сауда-саттықта жеңіске жеткен және сатып алу-сату шартын жасаған қатысушының кепіл жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі шотқа қойылады.

139. Сатушы мынадай жағдайларда:

- 1) аукционды өткізуге дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын оған қатысудан бас тартқанда;
- 2) сауда-саттық жеңімпазы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан не сатып алу-сату шартын жасаудан бас тартқанда;
- 3) қатысушы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға оның нәтижелерімен келіспеуді негіздемей қол қоюдан бас тартқанда;
- 4) сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда;
- 5) егер қатысушы сауда-саттықтың ағылшын әдісінде бастама баға хабарланғаннан кейін немесе сауда-саттықтың голланд әдісінде ең төменгі бағаға жеткен кезде аукциондық нөмірін көтермеген болса, кепілдікті жарнаны қайтармайды.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

140. Барлық басқа жағдайларда кепіл жарналар аукцион аяқталғаннан кейін бес банктік күннен аспайтын мерзімде, ал егер сатушының банктік шотына ақша аукционнан кейін түскен болса, онда олар түскен күннен бастап бес банктік күн ішінде қайтарылады.

141. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жасалады және аукционның басталуына бір сағат қалғанда аяқталады.

142. Аукционға қатысушы ретінде тіркеу үшін құжаттар тізбесінде мыналарды қамтылады:

- 1) белгіленген нысандағы аукционға қатысуға өтінім;
- 2) жеке куәлік немесе "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жеке басты куәландыратын өзге құжат (жеке тұлға үшін);
- 3) кепілдікті жарнаның енгізілуін растайтын төлем құжатының немесе кіріс ордердің көшірмесі;
- 4) сауда-саттыққа қатысушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат;

5) жарғының және құрылтай шартының (бар болса) және заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы анықтаманың (заңды тұлға үшін) нотариалды куәландырылған көшірмелері.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

143. Аукционға қатысушыларды тіркеу сатушы ерікті нысанда жүргізетін сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу журналында жасалады.

144. Тіркеуден өткен тұлға аукцион болатын күні аукцион нөміріне айырбасталатын қатысушы билетін алады. Аукцион нөмірін сауда-саттық барысында басқа тұлғаның пайдалануына тыйым салынады.

145. Аукционға қатысушы:

1) сауда-саттыққа өзі немесе өзінің өкілдері арқылы қатысады;

2) қосымша мәліметтерді, сауда-саттыққа шығарылатын сату объектісі бойынша нақтылауларды тегін алады;

3) сауда-саттықта сатылатын объектіні алдын ала қарайды;

4) өзінің құқығы бұзылған кезде сотқа жүгінеді;

5) Ереженің 139-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілдікті жарнаны қайтарып алады;

6) сатушыға бұл туралы жазбаша хабарлай отырып аукционға қатысуға өзінің өтінімін қайтарып алады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

146. Аукционға кіру билетін төлеген барлық ниет білдірушілер қатысады. Кіру билетінің құнын Сатушы өзі айқындайды, бірақ ол бір билет үшін бір айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аукционға қатысушылар, уәкілетті органның және кредиторлар комитетінің өкілдері кіру билеттерін төлеуден босатылады.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

147. Сатушы сауда-саттықты дайындаудың және оны өткізудің бүкіл кезеңінде:

1) сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жария етпейді;

2) Ереженің 142-тармағында атап көрсетілгендерді қоспағанда, аукционға қатысушылардан қатысушы ретінде тіркеу үшін қосымша құжаттарды талап етпейді.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

148. Аукционды сауда-саттықты ұйымдастырушы өткізеді. Аукцион оны өткізу қағидаларын хабарлаудан басталады, онда сату объектісінің қысқаша сипаты, лоттың бастама (ең төменгі) бағасы, бағаны өзгерту қадамы және сауда-саттықты өткізу әдісі көрсетіледі. Аукционды өткізу қағидаларын бұзған адамдар аукцион өткізу залынан шығарылады.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

149. Сауда-саттықты ұйымдастырушы бағаны өзгерту қадамын сауда-саттық барысында сату объектісінің бастама бағасының 5 (бес) пайызынан 10 (он) пайызына дейінгі шекте белгілейді.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

150. Сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион картасында белгіленген тәртіпке қарамастан лоттарды сауда-саттыққа қою бірізділігі туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

151. Аукционға бірнеше лоттарды шығарған кезде әрбір лот бойынша сауда-саттықтың әртүрлі әдістерін жасауға жол беріледі.

152. Сауда-саттық төменде сипатталған екі әдістің бірімен өткізіледі:

1) сауда-саттықты ұйымдастырушы лоттың бастама бағасын және бағаның өсу қадамын хабарлайтын сауда-саттықтың ағылшын әдісі. Сауда-саттыққа қатысушылар нөмірді көтере отырып бастама бағасын жоғарылатады, бірақ хабарланған қадамнан кем емес етіп жоғарылатады. Сауда-саттықты ұйымдастырушы лот бойынша сауда-саттыққа қатысатындардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны жоғарылатуды ұсынады. Лот бойынша сауда-саттық ұсынылған ең жоғары бағасына дейін барады. Сауда-саттықты ұйымдастырушы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балғамен ұрып сауда-саттық жеңімпазын атайды және осы лоттың сатылғаны туралы хабарлайды;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушы бастама бағасын төмендету қадамын хабарлаумен жаңа бағаны хабарлай отырып, лоттың бастама және ең төменгі бағасын хабарлайтын сауда-саттықтың голланд әдісі. Сауда-саттықты ұйымдастырушы баға хабарланған кезде аукциондық нөмірін бірінші болып көтерген қатысушының нөмірін атайды, лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балғамен ұрып сауда-саттық жеңімпазын атайды және осы лоттың сатылғаны туралы хабарлайды. Сауда-саттыққа қойылатын лоттың ең төменгі бағасы төмендетілмейді. Сауда-саттыққа голланд әдісі бойынша алғаш рет қойылып отырған

лоттың ең төменгі бағасы тарату комиссиясы бағалаушыны тарта отырып белгілейтін оның соңғы бағалау құнының 80 (сексен) пайызынан аз болмайды. Сауда-саттыққа голланд әдісі бойынша екінші рет және одан көп рет қойылып отырған лоттың ең төменгі бағасы тарату комиссиясы бағалаушыны тарта отырып белгілейтін оның соңғы бағалау құнының 50 (елу) пайызынан аз болмайды.

Егер баға хабарланған сәтте екі немесе одан көп нөмір бір мезгілде көтерілген болса, сауда-саттықты ұйымдастырушы жеңімпазды айқындау сәтіне дейін белгіленген кадам шамасына бағаны көтере бастайды. Егер бағаны көтерген кезде өз нөмірін бір мезгілде көтерген сауда-саттыққа қатысушы тұлғалардың ешқайсысы көтерілген бағасы бойынша мүлікті сатып алуға ниет білдірмесе, сауда-саттықты ұйымдастырушы жеребе рәсімін қолданады.

Жеребеде сауда-саттыққа қатысатын өз нөмірін бір мезгілде көтерген тұлғалар сауда-саттықты ұйымдастырушы дайындаған бірдей конверттерді тартады, олардың біреуінде "жеңімпаз" деген жазуы бар қағаз парағы, ал басқасында (басқаларында) – таза қағаз парағы болады.

Конвертті тарту құқығын Ереженің 144-тармағына сәйкес аукционға қатысушы ретінде бірінші болып тіркеуден өткен сауда-саттыққа қатысушы алады. "Жеңімпаз" деген жазумен қағаз парағы бар конвертті тартқан сауда-саттыққа қатысушы сауда-саттықтың жеңімпазы деп танылады.

Өткізілетін сауда-саттық мынадай жағдайда:

1) сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер болмағанда немесе егер берілген өтінімдердің саны 1 (бір) өтінімнен аспайтын болса;

2) сауда-саттыққа қатысушылар келмегенде немесе қатысушылардың келуі бір қатысушыдан аспайтын болғанда;

3) сауда-саттықтың жеңімпазы сауда-саттық хаттамасына, сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқанда немесе сатып алу-сату объектісі бойынша сатушымен одан әрі есеп айырысулар тәртібін бұзғанда;

4) көтерілген аукциондық нөмірлер болмағанда немесе сауда-саттықтың ағылшын әдісінде лоттың бастама бағасы хабарланған кезде бір ғана аукциондық нөмір көтерілгенде;

5) сауда-саттықтың голланд әдісінде лоттың ең төменгі бағасы хабарланған кезде көтерілген аукциондық нөмірлер болмағанда өтпеген болып саналады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

153. Аукцион оған екіден кем емес қатысушы қатысқан жағдайда өткізілді деп есептеледі.

154. Аукционға бірінші рет қойылған мүлікті сату сауда-саттықтың тек қана ағылшын әдісі бойынша жүргізіледі.

155. Осы Ережеде аты аталған аукцион өткізудің кез-келген бір әдісі бойынша сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда сатушы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату жоспарына өзгерістер енгізеді. Мүлікті сату жоспарына енгізілген өзгерістерді кредиторлар комитеті, ал ол болмаған жағдайда - тарату комиссиясының төрағасы бекітеді және уәкілетті органға жіберіледі. Өзгерістер сатылатын лоттардың өзге құрылымын және (немесе) өзге бастапқы (барынша төмен) бағаны береді.

156. Сауда-саттықты жүргізу кезінде бір сатып алушы қатысатын мүлікті сату жоспарына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастырушы ұсынылып отырған лотты бір ғана қатысушыға ағылшын әдісі бойынша бастапқы бағадан төмен емес, голланд әдісі бойынша барынша төмен бағадан кем емес бағамен сатады.

157. Сол күні әрбір сатылған лот бойынша сауда-саттықтың нәтижесі сауда-саттықтың нәтижесі туралы хаттамамен ресімделеді, оған сауда-саттықты жүргізетін ұйымдастырушы, сауда-саттық жеңімпазы және сауда-саттықтың соңында әрбір лот бойынша барлық қатысушылар қол қояды. Сауда-саттыққа қатысушыларға кепіл жарна сауда-саттықтың қорытындысы туралы хаттамаға қол қойған жағдайда ғана қайтарылады. Хаттамаға қол қоймаған сауда-саттыққа қатысушы оның қорытындысымен неге келіспейтіндігін жазбаша негіздеп береді.

158. Сауда-саттық қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан сауда-саттық жеңімпазы одан әрі аукционға қатысу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда осы объектідегі сауда-саттық жаңаланады.

159. Сауда-саттық қорытындысы туралы хаттама сауда-саттық жеңімпазының және сатушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартын жасайтын сауда-саттық қорытындысы мен міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

160. Аукцион өткеннен кейін үш күн ішінде шарттың мәні, тараптар құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, сату объектісінің түпкілікті бағасы, төлем шарттары, тараптар деректемелері, сондай-ақ сатып алушы мен сатушы қол қоятын, тараптар арасында жасалатын сауда-саттық объектісін қабылдау-өткізу актісін жасайтын тараптардың көздеуі бойынша өзге талаптар көрініс табатын сатып алушы мен сатушының арасында сатып алу-сату шарты жасалады.

2-параграф. Сауда-саттыққа қатысушылар арасында есеп айырысу жүргізу тәртібі

161. Егер шартта бөліп-бөліп төлеу көзделмеген болса, Сатушы мен Сатып алушы арасында сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей Сатып алушы шартта көрсетілген соманы Сатушының ағымдағы шотына аударады және оған тиісті төлем құжатының көшірмесін растауға ұсынады.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

162. Сатып алушы аукционда сатып алынған мүлік үшін қажетті төлемді осы Ереженің 161-тармағымен белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайында сатушы осы шарттың талаптарында көзделген біржақты тәртіппен сатып алу-сату шартын бұзады. Сатып алушы енгізген кепіл жарна оған қайтарылмайды және осы мүлік сауда-саттыққа екінші рет қойылады. Сатып алушының сату объектісі үшін төлем енгізбеген кездегі жауапкершілігі оның сатушымен арасында жасалған сатып алу-сату шартында көзделеді.

10-тарау. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауды және архивке беруді ұйымдастыруға қойылатын талаптар

163. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына есепті қамтамасыз ету, сақталуы тиіс құжаттарды ресімдеу және сақтау, оның ішінде мұрағатты және құжаттарды басқару жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тарату комиссиясының қызметіне байланысты мәселелер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қойылатын барлық талаптарды орындауды қамтамасыз етеді.

164. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құрамы өзгерген жағдайда сақталуы тиіс істерді және құжаттарды тарату комиссиясының жаңа құрамына (оның жеке мүшелеріне) беру таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі негізінде жасалады.

165. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі нәтижесінде пайда болатын құжаттардың сақтау мерзімі көрсетілген тізбесі "Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидаларын және Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбелерін және оларды сақтау мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 171 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14309 болып тіркелген) белгіленеді.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

166. Істер мен құжаттардың сақтау мерзімін есептеу іс жүргізу аяқталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады.

167. Сақтауға жатқызылмайтын құжаттарды жою мұрағатты және құжаттаманы басқару жөніндегі тиісті органның сараптамалық-тексеру комиссиясымен келісіле отырып, тарату комиссиясының төрағасы бекіткен актімен ресімделеді.

168. Мұрағат ісі және құжаттама саласындағы уәкілетті органмен келісусіз құжаттарды жою жүргізілмейді.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

169. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұрақты сақталуға жататын құжаттары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналасқан жері бойынша мемлекеттік мұрағаттарға реттелген түрде тапсырылады, ал сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратуды толық аяқтау сәтінде сақталу мерзімі өтпеген, уақытша сақталуға жататын, оның ішінде жеке құрам бойынша құжаттары қабылдау-өткізу актісі бойынша уәкілетті органның филиалдарына тапсырылады.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

170. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 19.12.2015 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

171. Істерді мұрағаттық сақтауға беруге дайындау кезінде құжаттардың есебі мен сақталуын ұйымдастыруға жауапты тұлға тізімдемеге енгізілген істердің ресімделуінің, қалыптасуының және істер санының сәйкестігінің дұрыстығын, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс номенклатурасына сәйкес расталған істер санын тексереді.

Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын өңдеудің жай-күйі және сапасы тиісінше жағдайда болмаған болса, онда тарату комиссиясы оны тәртіпке келтіруді ұйымдастырады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауды ұйымдастыру жөніндегі шығыстар таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражаты есебінен жүргізіледі.

11-тарау. Таратуды аяқтау

172. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы сотқа уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату өндірісінің аяқталғандығы туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін Корпорацияға, сондай-ак уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

172-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

173. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансын және тарату туралы есебін бекітілгеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Корпорацияға, ал көрсетілген құжаттардың көшірмелерін – уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

174. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін тоқтатуды тіркеу Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

174-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің тоқтатылуын тіркелгеннен кейін тарату комиссиясы 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 174-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

175. Тарату комиссиясының өкілеттіктері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріне енгізілгеннен кейін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары сақтау үшін архивке тапсырылғаннан кейін және бұл жөнінде уәкілетті органды хабардар еткеннен кейін тоқтатылады.

Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.12.2020 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-тарау. Қорытынды ережелер

176. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына сәйкес шешілуі тиіс.

Мәжбүрлеп таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын тарату қағидаларына
және оның тарату
комиссиясының жұмысына
қойылатын талаптарға
1-қосымша
Нысан

_____ (таратылатын сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ жылғы _____ тоқсандағы тарату шығыстарының сметасы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Шығыстар баптарының атауы	Жоспарланған шығыстар сомасы (мың теңгемен)			
		ай	ай	ай	тоқсандағы барлығы
1	2	3	4	5	6
1	Еңбекақы төлеу шығыстары				
1.1	тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне сыйақы, оның ішінде:				
1.1.1	сыйақы				
1.1.2	жеке табыс салығы				
1.1.3	міндетті зейнетақы жарналары				
1.1.4	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру				
1.2	еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін тарату комиссиясына тартылған қызметкерлерге ақы төлеу шығыстары, оның ішінде:				
1.2.1	лауазымдық жалақы				

1.2.2	жеке табыс салығы				
1.2.3	міндетті зейнетақы жарналары				
1.2.4	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру				
1.3	өтелмелі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсетеуге тартылған адамдардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар, оның ішінде:				
1.3.1	көрсетілген қызметтерге ақы төлеу				
1.3.2	жеке табыс салығы				
1.3.3	міндетті зейнетақы жарналары				
1.3.4	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру				
2	Бюджетке аударымдар бойынша шығыстар				
2.1	әлеуметтік салық				
2.2	әлеуметтік аударымдар				
2.3	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру				
2.4	мүлікке салынатын салық				
	к ө л і к құралдарына				

2.5	салынатын салық				
2.6	жер салығы				
2.7	қосымша құн салығы				
2.8	жер телімдерін пайдалану үшін төлем, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем				
2.9	өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер				
3	Әкімшілік шығыстар				
3.1	қызметтік және шаруашылық қажеттіліктерге көлік жалдау жөніндегі қызмет				
3.2	байланыс қызметі				
3.3	үйлер мен ғимараттарды күзету және сигнализация жөніндегі қызмет				
3.4	көлікті күзету жөніндегі қызмет				
3.5	көлік тұрағын ұсыну жөніндегі қызмет				
3.6	көлікті тіркеу жөніндегі қызмет				
3.7	көлікті техникалық қарау жөніндегі қызмет				
3.8	көлікті сақтандыру жөніндегі қызмет				

3.9	қызметкерді жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын т ө л е у қызметтері				
3.10	коммуналдық қызметтер				
3.11	негізгі құрал-жабдықта рды ағымдағы жөндеу, техникалық, сервистік қызмет көрсету (қ а р а у) жұмыстары				
3.12	үй-жайды жалдау				
3.13	жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы тіркеуші органдарда тіркеу қызметтері				
3.14	мүлікті бағалау қызметтері				
3.15	бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қызметтері				
3.16	жылыту жүйесін қосуға дайындық жөніндегі қызметтер				
3.17	сантехникалық жұмыстар				
3.18	мүлікті сақтау қызметтері				
3.19	мемлекеттік бажды төлеу				

3.20	нотариалдық куәландыру қызметтері				
3.21	мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру қызметтері				
3.22	терезелерге, есіктерге темір торларды дайындау және орнату жөніндегі жұмыстар				
3.23	аукциондар өткізу қызметтері				
3.24	инкассация қызметтері				
3.25	сараптама жүргізу қызметтері				
3.26	аудит жүргізу қызметтері				
3.27	құжаттарды аудару қызметтері				
3.28	телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру немесе басқа жерге орнату				
3.29	орталық депозитарийдің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу қызметі				
3.30	банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақша аударымы мен төлемдері бойынша қызметтер				

3.31	құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу және оларды архивке тапсыру жөніндегі қызметтер				
3.32	таратуды тіркеу үшін алым төлеу				
3.33	коллекторлық қызметтер				
4	Тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алу шығыстары				
4.1	офис жабдықтарын жұмыс бабында ұстау				
4.2	көлік құралдарын ұстау				
4.3	үй-жайларды ұстау				
4.4	қағаз және бланк өнімдерін сатып алу				
4.5	кеңсе тауарларын сатып алу				
4.6	жанар-жағармай материалдарын сатып алу				
5	Іссапар шығыстар				
6	Болжанбаған шығыстар				
7	Басқа да шығыстар				
Жиынтығы					

Тарату комиссиясының төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны)

Мәжбүрлеп таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын тарату қағидаларына
және оның тарату
комиссиясының жұмысына
қойылатын талаптарға
2-қосымша
Нысан

(таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Басталды _____

Аяқталды _____

Кітаптағы жазба оны толық пайдаланғанға дейін жүргізіледі

Кіріс								
Келіп түскен күні	Кімнен қабылданды (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	Кіріс құжаттарының саны (данамен)	Сомасы санмен (валюта түрін көрсете отырып бірліктермен)	Сомасы жазбаша	Нысаналы мақсаты	Кассирдің қолы	Бас бухгалтердің (бөлімше бухгалтерінің) қолы	Төрағаның (бөлімше басшысының) қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
қалдығы								
қалдығы								
Бір күн үшін жиынтығы								
Шығыс								
Берілген күні	Кімге берілді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	Шығыс құжаттарының саны (данамен)	Сомасы санмен (валюта түрін көрсете отырып бірліктермен)	Сомасы жазбаша	Нысаналы мақсаты	Кассирдің қолы	Бас бухгалтердің (бөлімше бухгалтерінің) қолы	Төрағаның (бөлімше басшысының) қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
қалдығы								
қалдығы								

Бір күн үшін жиынтығы								
Бір күн үшін жиынтығы								

Растау жазбасы

20__ жылғы "___" _____ жазбаға арналған осы кітаптың жиынтығы (күні) (айы)
_____ нөмірден бастап

(таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ нөмірді қосқандағы нөмірленген, тігілген және мөрмен жабылған
_____ парақтар бар.

20__ жылғы "___" _____

Тарату комиссиясының төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Кассир _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны)

Мәжбүрлеп таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын тарату қағидаларына
және оның тарату
комиссиясының жұмысына
қойылатын талаптарға
3-қосымша

нысан

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Төрағасының орынбасары

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

_____ жылғы "___" _____

_____ (таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) кредиторлар комитетінің құрамы

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 180 (ресми
жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа

редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.09.2022 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№ п/п	Кезектіліктің (санаттың) нөмірі және атауы	Кредиторлар комитетінің құрамына енгізілген таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторуның атауы	Кредиторлық берешек сомасы
1	2	3	4

Тарату комиссиясының төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, телефон)